

Теміржол көлігі саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 555 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 24 маусымда № 11428 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 514 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.10.2020 № 514 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10 бабының 1) тармақшасына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Теміржол көлігі саласында жүктерді тасымалдауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Жылжымалы құрам кепілін мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімдік баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы

мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 22 мамыр

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 555 бұйрығына
1-қосымша

"Теміржол көлігі саласында жүктерді тасымалдауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 962 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Теміржол көлігі саласында жүктерді тасымалдауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Министрліктің Көлік комитетінің аумақтық органдарымен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру " электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 962 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Порталға жүгінген сәттен бастап мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) лицензияны беру - 2 (екі) жұмыскүні;

2) қайта ресімделген лицензияны беру - 2 (екі) жұмыскүні;

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық емес және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсыну фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қарастырудан жазбаша дәлелді бас тарту береді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 962 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - көрсетілетін қызметті берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында теміржол көлігі саласында жүктерді тасымалдауға лицензия, лицензияны қайта ресімдеу (бұдан әрі - лицензия), не осы мемлекеттік көрсетілетін қызметті стандартының 10-тармағымен көзделген жағдайда және негіздерде дәлелді бас тарту.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету нәтижесінің нысаны - электрондық.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі.

Лицензиялық алым "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген алымдар мөлшерлемесі бойынша жергілікті бюджетке төленеді және мыналарды:

1) лицензияны беру үшін – алым төленетін күні қолданыстағы алты еселенген айлық есептік көрсеткіш;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін – лицензия беру кезіндегі алым мөлшерлемесінің 10% -ын құрайды.

Тіркеу алымының сомасын бюджетке төлеу қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 962 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 962 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Мемлекеттік қызметті алушы порталға жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) лицензияны алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға (заңды тұлғалар үшін) сәйкес не 2-қосымшаға (жеке тұлғалар үшін) сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға (заңды тұлғалар үшін) не 5-қосымшаға (жеке тұлғалар үшін) сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш.

Жеке басты куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, лицензия туралы мәліметтерді, ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы растауды көрсетілетін қызметті беруші "Электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпарат жүйелерінен алады.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы барлық қажетті құжаттарды берген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрауды қабылдау туралы мәртебесі жіберіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 962 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту үшін:

1) Қазақстан Республикасының заңдарымен (жеке немесе заңды тұлғалардың) осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынса;

2) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда темір жол көлігімен жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензиялық алым енгізілмесе;

3) көрсетілетін қызметті алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оған теміржол көлігі саласында жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болса;

5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алуға тыйым салса негіз болып табылады.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 962 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілетін қызмет берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдері, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайы бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының немесе Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта немесе электрондық түрде не қолма-қол көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қабылданады.

Шағымның қабылдағанын растау нөмірі, күні, шағымды қабылдаған адамның тегі, байланыс деректері, сондай-ақ жауап алатын мерзімі және орны, шағымды қарау барысы туралы сұрап білуге болатын лауазымды адамдардың байланыс деректері көрсетілген талонды бере отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелуі (мөр, кіріс нөмірі мен күні) болып табылады.

Портал арқылы жүгіну кезінде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығы 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Портал арқылы шағымды жіберу кезінде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинеттен" көрсетілетін қызметті берушінің шағымды өңдеуі барысында жаңартылатын ақпарат қолжетімді болады (жеткендігі, тіркелгендігі, орындалуы туралы белгілер, қаралғандығы немесе қараудан бас тартуы туралы жауап).

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы шағыммен мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

Шағымда:

жеке тұлғаның – оның тегі, аты, сондай-ақ, ниеті бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы көрсетіледі;

заңды тұлғаның – оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Шағымда көрсетілетін қызметті алушының қолы қойылуы керек

12. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

4-тарау. Электрондық нысанда мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 962 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің - www.mid.gov.kz интернет-ресурсында Көлік комитеті бөлімінің " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлігінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ бар болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинет", сондай-ақ

мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтаманы қызметті алушы Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414. не көрсетілетін қызметті берушінің www.mid.gov.kz интернет-ресурсында Көлік комитеті бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлігінде алу мүмкіндігі бар.

"Теміржол көлігі саласында
жүктерді тасымалдауға
лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші

— (лицензиардың толық атауы)

— (заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

— (қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің (-лері) толық атауы көрсетілсін)

_____ жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта _____ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) беруіңізді сұраймын.
Заңды тұлғаның мекенжайы _____

— (шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта _____

—
Телефондары _____

—
Факс _____

—
Банк шоты _____

—
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____

—
(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады; өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің өтінішті электрондық цифрлік қолтаңбамен растауына келіседі (халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүгінген жағдайда).

Басшы _____

—
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Мөр орны

Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

"Теміржол көлігі саласында
жүктерді тасымалдауға
лицензия беру"

**Лицензияны және (немесе) лицензияға
қосымшаны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші**

— (лицензиардың толық атауы)

— (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда),
жеке сәйкестендіру нөмірі)

— (қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық
атауы көрсетілсін)
жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз
тасығышта _____ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған
жағдайда Х белгісін қою керек) беруіңізді сұраймын.
Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы

— (пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,
көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)
Электрондық пошта _____

— Телефондары _____

— Факс _____

— Банк шоты _____

— (шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің
мекенжайы _____

— (пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,
көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақта қоса беріліп отыр

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің өтінішті электрондық цифрлік қолтаңбамен растауына келіседі (халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүгінген жағдайда).

Жеке тұлға _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны

Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

"Теміржол көлігі саласында
жүктерді тасымалдауға
лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
3-қосымша

Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау қызметіне қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер

Ескерту. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.03.2018 № 210 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау бойынша кіші қызмет түрі үшін мыналардың болуы:

1) жеке меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде өндірістік активтердің, оның ішінде:

вагон жөндеу депосы;

кірме жолдары, олар мыналарды қамтиды:

өндірістік активтерді сатып алу-сату не жалға алу шарттарының нөмірі және қол қойған күні _____ ;

вагон жөндеуші зауыттармен және (немесе) жылжымалы құрамға қызмет көрсету және жөндеу деполарымен және шеберханаларымен шарттардың нөмірі және қол қойған күні _____ ;

меншік түрі _____ ;

жалға алу мерзімі _____ ;

орналасқан станциясы _____ ;

құқық белгілеуші құжаттың түрі _____ ;

басқа _____ ;

жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірі _____ ;

бағдарламалық-техникалық құралдардың (тауар кассирінің автоматтандырылған жұмыс орны, қабылдап-тапсырушының автоматтандырылған жұмыс орны) болуы туралы ақпарат _____ ;

2) жеке меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде қауіпсіздік талаптарына сәйкес тартқыш көлік құралдарын қоса алғанда, жарамды жылжымалы құрам, ол мыналарды қамтиды:

жылжымалы құрамды сатып алу-сату, жалға алу және (немесе) лизинг шарттарының нөмірі және қол қойған күні _____ ;

жылжымалы мүлікті мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі және күні _____ ;

3) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 24 қыркүйектегі № 424 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6581 нөмірмен тіркелген) бекітілген теміржол көлігі қызметкерлері лауазымдарының (мамандықтарының) тізбесіне және оларға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білікті қызметкерлердің штаты, ол мыналарды қамтиды:

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____ ;

лауазымы _____ ;

тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі және қол қойған күні _____ ;

мамандығы бойынша жұмыс өтілі _____ ;

білімі бойынша мамандығы _____ ;

арнайы білім туралы дипломның нөмірі және берілген күні _____ ;

дипломды берген оқу орнының атауы _____ ;

білім алуы туралы құжаттарының нострификациялау ақпараты _____ ;

4) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2005 жылғы 10 қарашадағы № 344-І бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3931 нөмірмен тіркелген)

бекітілген теміржол көлігімен тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетпен алып жүруге жататын жүктердің тізбесіне сәйкес күзет қызметіне лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен жүкті күзетуге арналған шарты, ол мыналарды қамтиды:

өндірістік активтерді күзету шартының нөмірі және қол қойған күні _____;

шарт жасалған мамандандырылған ұйымның атауы, күзет қызметіне арналған лицензиясының нөмірі және берілген күні _____;

5) тартқыш көлік құралдарын қоса алғанда, жылжымалы құрам паркін сатып алуға, қалпына келтіруге және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық бағдарлама, ол мыналарды қамтиды: бекітілген инвестициялық бағдарламаның нөмірі және күні _____;

б) тармақшаның қолданылуы тоқтатылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.03.2018 № 210 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Теміржол көлігі саласында
жүктерді тасымалдауға
лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
4-қосымша

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші

_____ (лицензиардың толық атауы)

_____ (заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

_____ жүзеге асыруға

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы)

20__ жылғы " " _____ № _____, _____ берілген, (лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды)

берген лицензиардың атауы)

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (керектің асты сызылсын)

қағаз тасығышта ____ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға Х қою қажет):

1) заңды тұлға-лицензиат "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға Х қою қажет): бірігу _____

қайта құру _____

қосылу _____

бөліп шығару _____

бөліну _____ жолымен қайта ұйымдастырылуы

2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі _____

3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі _____

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы _____

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда _____

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі _____

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі _____ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____

(шетелдік заңды тұлға үшін-елі, пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің өтінішті электрондық цифрлік қолтаңбамен растауына келіседі (халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүгінген жағдайда).

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Мөр орны Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

"Теміржол көлігі саласында
жүктерді тасымалдауға
лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
5-қосымша

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны
қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші**

— (лицензиардың толық атауы)

— (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

— (қызметтің түрі және (немесе) кіші түрінің(-лері) толық атауы)

_____ жүзеге асыруға
20__ жылғы " " _____ № _____, _____ берілген,
(лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері),
берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды)
берген лицензиардың атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға
қосымшаны (керектің асты сызылсын)

қағаз тасығышта ___ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған
жағдайда X белгісін қою керек)

мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға X қою қажет):

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
өзгеруі _____

2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы өзгеруі _____

3) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның заңды мекенжайы
өзгеруі _____

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және
хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада
көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына
объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша
берілген лицензияны иеліктен шығаруы _____

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия
үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып,
объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _____

— 6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап
болған жағдайларда _____

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі _____

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі _____ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы _____

—

_____ (пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта _____

—

Телефондары _____

—

Факс _____

—

Банк шоты _____

—

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____

—

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар нөмірі)

_____ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің өтінішті электрондық цифрлік қолтаңбамен растауына келіседі (халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүгінген жағдайда).

Жеке тұлға _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))
Мөр орны Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 555 бұйрығына
2-қосымша

"Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 962 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Көлік комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорация" коммерциялық емес акционерлік қоғамы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 21.01.2016 № 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 962 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – 5 (бес) жұмыс күні;

құжаттар топтамасын тапсыру кезінде кезек күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;

қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық емес және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсыну фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тарту береді;

2) көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде 5 (бес) жұмыс күні.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту өтініш келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.07.2017 № 465 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 16.11.2017 № 792 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жеткізгіште.

6. Мемлекет қызметті көрсету нәтижесі - жылжымалы құрамды тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті (бұдан әрі – куәлік) және (немесе) Жылжымалы құрамды мемлекеттік тізілімінен алып тастау туралы хабарлама, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабы.";

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне", көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Қажет болған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі басып шағарылады. Куәліктің түпнұсқалығын www.egov.kz порталы тексеруге болады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.07.2017 № 465 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы және ақысыз негізде көрсетіледі.

Ақылы негізде көрсетілетін тартқыш, сондай-ақ моторвагонды жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеуді қоспағанда, жүк, жолаушылар, арнайы жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу ақысыз негізде көрсетіледі.

Тіркеу алымы жергілікті бюджетке "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген мөлшерлемелер және тәртіп бойынша төленеді және мыналарды:

1) тіркеу үшін – алымды төлеу күнінде қолданыстағы 0,25 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК);

2) қайта тіркеу үшін – алымды төлеу күнінде қолданыстағы 0,25 АЕК қамтиды.

Алым сомасын төлеу екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, немесе "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.04.2018 № 288 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – сенбі аралығында, жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін ;

Қабылдау көрсетілетін қызметті алушының таңдауымен жеделдетіп қызмет көрсетусіз, "электрондық" кезек тәртібімен жүзеге асырылады, портал арқылы электрондық кезекті брондауға болады;

2) порталда – тәулік бойы, жөнделу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішті мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 21.01.2016 № 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезінде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

жылжымалы құрамды мемлекеттік тізілімде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2, 3, 4, 5-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік тіркеуге не қайта тіркеуге жататын жылжымалы құрам паркінің тізбесі;

меншік құқығын растайтын құжат не мүліктік жалдау (жалға алу), лизинг не мүлікті сенімгерлік басқару шарты;

жылжымалы құрамының әрбір бірлігіне берген дайындаушы зауыттың техникалық паспорты (формуляры);

тартқыш, сондай-ақ мотор-вагонды жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу кезінде – тіркеу алымының бюджетке төленгенін растайтын құжат;

уәкілетті өкілі жүгінген кезде - өкілдің өкілеттігін куәландыратын құжат;

Жылжымалы құрамды Мемлекеттік тізілімнен шығару үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

жылжымалы құрамды еркін нысанда есептен шығару туралы акті, не жылжымалы құрамның зақымдануы және/немесе жоғалуы туралы құжат, не мүлікті жалдау (жалға алу), лизинг шарты;

2) порталда:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініштің электрондық көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2, 3, 4, 5-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік тіркеуге не қайта тіркеуге жататын жылжымалы құрам паркі тізбесінің электрондық көшірмесі;

меншік құқығын растайтын құжаттың не мүліктік жалдау (жалға алу), лизинг не мүлікті сенімгерлік басқару шартының электрондық көшірмесі;

жылжымалы құрамының әрбір бірлігіне берген дайындаушы зауыттың техникалық паспортының (формуляры) электрондық көшірмесі;

тартқыш, сондай-ақ мотор-вагонды жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу кезінде – тіркеу алымының бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

уәкілетті өкілі жүгінген кезде - өкілдің өкілеттігін куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі;

жылжымалы құрамды Мемлекеттік тізілімнен шығару үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

жылжымалы құрамды еркін нысанда есептен шығару туралы актінің, не жылжымалы құрамның зақымдануы және/немесе жоғалуы туралы құжаттың, не мүлікті жалдау (жалға алу), лизинг шартының электрондық көшірмесі;

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған, жеке басты растайтын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметті Мемлекеттік корпорация қызметкері, көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Мемлекеттік корпорация қызметкері Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды қабылдаған кезде құжаттардың түпнұсқасынан электрондық көшірмесін жасайды, одан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын (немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша өкілі) құжатты көрсеткен кезде тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация нәтижелерді бір ай ішінде сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оларды көрсетілетін қызметті алушыға одан әрі сақтауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткен соң жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрауы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы барлық қажетті құжаттардың берген кезде - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрауды қабылдау туралы мәртебе көрсетіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 21.01.2016 № 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

9-1. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағымен көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 6-қосымшаға сәйкес өтінішті қабылдаудан бас тартады және құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Ескерту. 2-тарау 9-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.07.2017 № 465 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден мынадай негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 333 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11119 болып тіркелген) Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылған соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы бойынша бас тартады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.07.2017 № 465 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Тасымалданатын жүктердің шектеулі номенклатурасы бар маусымдылығы және шектеулі мақсатқа арналған жылжымалы құрамды қоспағанда, бұрын ұзартылған қызмет ету мерзімі бар вагондар, сондай-ақ қалдықты қызмет мерзімі жасалған кездегі тағайындалған қызмет мерзімінен 60% кем құрайтын, Қазақстан Республикасының аумағында алғашқы тіркелетін жүктерді тасымалдауға арналған жылжымалы құрамды тіркеуге рұқсат етілмейді

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 6-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты береді.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 21.01.2016 № 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жана редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 962 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Көрсетілетін қызмет берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдері, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайы бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының немесе Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қабылданады.

Шағымды қабылдаған нөмірі, күні, адамның тегі көрсетілген, байланыс деректері көрсетілуімен, сондай-ақ, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, шағымды қарастыру барысын білуге болатын лауазымды тұлғалардың байланыс деректері көрсетілуімен көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы мәліметті бірыңғай байланыс-орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші шағымды өңдеген кезде жаңартылып отырады (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің мекенжайына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Шағымға көрсетілетін қызметті алушының қол қоюға тиіс.

13. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып, қойылатын өзге де талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 962 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мүмкіндігі шектеулі көрсетілетін қызметті алушыларға қызмет көрсету үшін пандустар көзделген ғимараттарда көрсетіледі. Көрсетілетін қызмет берушінің ғимаратында: анықтама бюросы, күту креслосы және өтініштерді толтыру бланкілерінің үлгісі бар ақпараттық стенділер орналастырылады.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:
көрсетілетін қызметті берушінің – www.mid.gov.kz ("Көлік комитеті" бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлігінде орналастырылған.

16. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік қызмет портал арқылы көрсетіледі.

17. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде

порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

18. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы да алуға болады.

"Жылжымалы құрамды мемлекеттік
тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша

_____ облысы (қаласы) бойынша
уәкілетті органының басшысына

(Т.А.Ә.А.)
Нысан

Өтініш

_____ құқығында тиесілі
(меншік, мүліктік жалдау, жалға алу немесе лизинг) саны _____
бірлік жылжымалы құрамды тіркеуді (қайта тіркеуді), мемлекеттік
тізілімнен шығаруды сұраймын (керек емесін сызып тастау)
Мекенжайы:

_____ қаласы _____ көшесі.

ЖСН/БЖН: _____

_____ байланыс телефондары (факс) _____

Тізбе _____ парақта қоса беріледі.

Өтініш беруші _____ / _____

(басшының қолы) (Т.А.Ә.)

М.О. (болған жағдайда)

(заңды тұлға және дара кәсіпкер үшін)

Жылжымалы құрамды және оның
кепілін тіркеу қағидаларына
2-қосымша

Нысан

(иесінің толық атауы)
тиесілі тартқыш және мотор-вагонды жылжымалы құрамның тізбесі

Р/с №	Сериясы	Санаты	Жалға алушы	Жалға алу мерзімі	Қатынау өңірі	Зауыт нөмірі	Түгендеу нөмірі	Жасалған күн
1	2	3	4	5	6	7	8	9

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

кестенің жалғасы

Нормативтік қызмет ету мерзімі	Соңғы жөндеу күні		Келесі жөндеу күні	Техникалық жай-күйі		Дейін жарамды	Тір-кел-ген депо-сы	Көлік құрамының жалпы қуаты, квт
	(КЖ-1)*	(КЖ-2)**		жарамды	есептен шығарылған			
10	11	12	13	14	15	16	17	18

Басшы _____ / _____ /

(қолы) Т.А.Ә.)

М.О.

(заңды тұлға және дара кәсіпкер үшін)

Ескертпе:

*(КЖ-1) – 1-көлемдегі күрделі жөндеу

** (КЖ-2) – 2-көлемдегі күрделі жөндеу

"Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымша
Нысан

(иесінің толық атауы) тиесілі жүк жылжымалы құрамының тізбесі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 16.11.2017 № 792 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Вагон түрі	Санаты	Жалға алушы	Жалға алу мерзімі	Қатынау өңірі	Зауыт нөмірі	Түгендеу нөмірі	Жасалған күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы

Нормативтік қызмет ету мерзімі	Нақты қызмет ету мерзімі	Соңғы жөндеу күні (ДЖ)*	Соңғы жөндеу күні (КЖ)**		Келесі жөндеу күні	Техникалық жай-күйі		Дейін жарамды	Тіркелген орыны
			(КЖ)***	(ҰҚЖ)***		жарамды	есептен шығарылған		
10	11	12	13	14	15	16	17	18	19

Басшы _____ / _____ /

(қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты) (бар болған кезде)

Мөр орны (заңды тұлға және дара кәсіпкер үшін)

Ескертпе:

*(ДЖ) – деполық жөндеу

** (КЖ) – күрделі жөндеу

*** (ҰКЖ) – қызмет мерзімін ұзарта отырып күрделі жөндеу

**** жүк вагондарының меншік иелері үшін

"Жылжымалы құрамды
мемлекеттік тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
4-қосымша
Нысан

(иесінің толық атауы) тиесілі жолаушы жылжымалы құрамының және оған теңестірілген почта, почта-багаж және багаж жылжымалы құрамының тізбесі

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 16.11.2017 № 792 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Вагон түрі	Санаты	Жалға алушы	Жалға алу мерзімі	Қатынау өңірі	Зауыт нөмірі	Түгендеу нөмірі	Жасалған күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы

Нормативтік қызмет ету мерзімі	Нақты қызмет ету мерзімі	Соңғы жөндеу күні (ДЖ)*	Соңғы жөндеу күні (КЖ)				Келесі жөндеу күні	Техникалық жай-күйі		Дейін жарамды	Тіркелген депосы
			(-1) КЖ ***	(-2) КЖ ***	(ҚМҰКЖ)	(ҚККЖ) **** *		жарамды	есептен шығарылған		
10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21

Басшы _____ / _____ /

(қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты) (бар болған кезде)

Мөр орны (заңды тұлға және дара кәсіпкер үшін)

Ескертпе:

*(ДЖ) – деполық жөндеу

** (КЖ) – күрделі жөндеу

*** (ҚМҰКЖ) – қызмет мерзімін ұзарта отырып күрделі жөндеу

**** жүк вагондарының меншік иелері үшін

"Жылжымалы құрамды
мемлекеттік тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
5-қосымша
Нысан

(иесінің толық атауы) тиесілі арнайы жылжымалы құрамының тізбесі

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 16.11.2017 № 792 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Сериясы	Санаты	Жалға алушы	Жалға алу мерзімі	Қатынау өңірі	Зауыт нөмірі	Түгендеу нөмірі	Жасалған күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы

Нормативтік қызмет ету мерзімі	Нақты қызмет ету мерзімі	Соңғы жөндеу күні		Келесі жөндеу күні	Техникалық жай-күйі		Дейін жарамды	Тіркелген орыны
		(КЖ-1)**	(КЖ-2)***		жарамды	есептен шығарылған		
10	11	12	13	14	15	16	17	18

Басшы _____ / _____ /

(қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты) (бар болған кезде)

Мөр орны (заңды тұлға және дара кәсіпкер үшін)

Ескертпе:

*(КЖ-1) – 1-көлемдегі жөндеу

** (КЖ-2) – 2-күрделі жөндеу

"Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 6-қосымша

(Көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, болса әкесінің аты не ұйымының атауы)

_____ (көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

Нысан

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 21.01.2016 № 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы филиалының №__ бөлімшесі (мекенжайын көрсету керек) "Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызметті көрсетуге құжаттарды қабылдаудан Сіздің

мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3)

Осы қолхат әрбір тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.

Т.А.Ә.А. (көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) (қолы)

Телефон:

Алдым: Т.А.Ә.А./көрсетілетін қызметті алушының қолы

20__ ж. "___" _____

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 555 бұйрығына
3-қосымша

"Жылжымалы құрам кепілін мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 962 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Жылжымалы құрам кепілін мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Көлік комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорация" коммерциялық емес акционерлік қоғамы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі – ЕДБ);

3) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі) (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 21.01.2016 № 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз);

28.04.2017 № 249 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 962 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыру – 2 (екі) жұмыс күні;

құжаттар топтамасын тапсыру кезінде кезек күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут;

қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2) ЕДБ/портал арқылы жүгінген кезде - 1 (бір) жұмыс күні;

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алған кезден бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық емес және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсыну фактісі анықталған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қарастырудан жазбаша дәлелді бас тарту береді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.07.2017 № 465 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жеткізгіште.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – жылжымалы құрам кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (бұдан әрі – куәлік) не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабы:

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде – 2 (екі) жұмыс күні;

ЕДБ/портал арқылы жүгінген кезде – 1 (бір) жұмыс күні.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету нәтижесінің нысаны: электрондық және (немесе) қағаз жеткізгіште.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Қажет болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі басып шығарылады.

Куәліктің түпнұсқалығын www.egov.kz порталында тексеруге болады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.04.2017 № 249 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.07.2017 № 465 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі.

Жылжымалы құрам кепілін жылжымалы құрамның тіркелген кепілінің өзгерістерін, толықтыруларын және тоқтатылуын, мемлекеттік тіркеу үшін алым жергілікті бюджетке тіркеуді жүзеге асыру орны бойынша "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген алым мөлшерлемесі және тәртібі бойынша төленеді және мыналарды :

жеке тұлғалар үшін – 1 (бір) айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК);

заңды тұлғалар үшін – 5 (бес) АЕК құрайды.

Алым сомасын төлеу екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, немесе "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.04.2018 № 288 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – сенбі аралығында, жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін ;

Қабылдау көрсетілетін қызметті алушының таңдауымен жеделдетіп қызмет көрсетусіз, "электрондық" кезек тәртібімен жүзеге асырылады, портал арқылы электрондық кезекті брондауға болады;

2) ЕДБ-де - ЕДБ-нің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес;

3) порталда – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішті мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 21.01.2016 № 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

өкілдің өкілеттігін растайтын құжат;

тіркеу алымының бюджетке төленгенін растайтын құжат;

кепілдік туралы шарт немесе кепілдік талаптары қамтылған шарт.

Тіркелген кепілге өзгерістерді, толықтыруларды тіркеу және тоқтату үшін өтініш беруші не өтініш берушінің уәкілетті өкілі "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына сәйкес құжаттардың қосымшасын қоса бере отырып, осы Стандартқа 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті ұсынады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған, жеке басын растайтын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметті Мемлекеттік корпорация қызметкері "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды қабылдаған кезде құжаттардың түпнұсқасынан электрондық көшірмесін жасайды, одан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Мемлекеттік корпорация қызметкері мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде егер Қазақстан Республикасының заңдарымен өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын (немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша өкілі)

құжатты көрсеткен кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай ішінде сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оларды көрсетілетін қызметті алушыға одан әрі сақтауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткен соң жүгінген кезде, Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін жібереді;

2) ЕДБ-де:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес ЕДБ қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған өтініш;

тіркеу алымының бюджетке төленгенін растайтын құжат.

Тіркелген кепілге өзгерістерді, толықтыруларды тіркеу және тоқтату үшін өтініш беруші не өтініш берушінің уәкілетті өкілі "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына сәйкес құжаттардың қосымшасын қоса бере отырып, осы стандартқа 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті ұсынады.

ЕДБ-де құжаттарды қабылдауды және электрондық өтінішті жіберуді ЕДБ қызметкері жүзеге асырады;

3) порталда:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-1-қосымшаға сәйкес кепіл берушінің және кепіл ұстаушының ЭЦҚ қол қойылған хабарлама нысанында өтініш;

портал арқылы өтінішті жолдаған кезде жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркеу үшін бюджетке алым төлеу "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

Тіркелген кепілге өзгерістерді, толықтыруларды тіркеу және тоқтату үшін өтініш беруші не өтініш берушінің уәкілетті өкілі "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына сәйкес құжаттардың қосымшасын қоса бере отырып, осы стандартқа 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті ұсынады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 16.11.2017 № 792 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-1. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағымен көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері осы

мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес өтінішті қабылдаудан бас тартады және құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Ескерту. 2-тарау 9-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.07.2017 № 465 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсынудан мынадай негіздер бойынша бас тарту үшін:

1) егер кепілдік туралы шартта кепілдік нысанасы және оның бағасы, мәні, кепілдікпен қамтамасыз етілетін міндеттемелерді орындау көлемі және мерзімі көрсетілмесе, сондай-ақ кепілдікке қойылған мүліктің тараптардың қайсысында екені және оны пайдалануға қолжетімділік туралы нұсқау қамтылмаса;

2) кепілді тіркеу туралы өтініш осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 1-1-қосымшаларға сәйкес келмесе;

3) кепілді тіркеу туралы өтінішпен тиісті адам жүгінбесе;

4) жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркеу үшін алымды бюджетке төлегенін растайтын құжат болмаса негіз болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты береді;

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 21.01.2016 № 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз); 28.04.2017 № 249 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 962 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілетін қызмет берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдері,

әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 15-тармағында көрсетілген мекенжайы бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының немесе Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қабылданады.

Шағымды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні), қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсету шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Мемлекеттік корпорация қызметкері дөрекі қызмет көрсеткен жағдайда, шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына беріледі.

Жазбаша және поштамен келіп түскен шағымды Мемлекеттік корпорацияда қабылдауын растауы оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатта қойылады) болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы мәліметті бірыңғай байланыс-орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші шағымды өңдеген кезде жаңартылып отырады (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің мекенжайына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ, қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Шағымға көрсетілетін қызметті алушының қол қоюға тиіс.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 21.01.2016 № 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 962 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мүмкіндігі шектеулі көрсетілетін қызметті алушыларға қызмет көрсету үшін пандустар көзделген ғимараттарда көрсетіледі. Көрсетілетін қызмет берушінің ғимаратында: анықтама бюросы, күту креслосы және өтініштерді толтыру бланкілерінің үлгісі бар ақпараттық стенділер орналастырылады.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

көрсетілетін қызметті берушінің - www.mid.gov.kz ("Көлік комитеті" бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлігінде;

Мемлекеттік корпорацияның - www.con.gov.kz интернет-ресурстарда орналастырылған.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 21.01.2016 № 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

15. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік қызмет портал арқылы көрсетіледі.

16. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы да алуға болады.

"Жылжымалы құрам кепілін
мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына 1-қосымша
Нысан

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің - 28.04.2017 № 249 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

тіркеуші органның атауы

Өтініш № _____

Кепіл беруші

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болғанда) (бұдан әрі – Т.А.Ә.А.),

тұрғылықты жері, туған күні;

заңды тұлғаның орналасқан орны, атауы, тіркеу №: _____

Жеке басын куәландыратын құжат: түрі _____ серия _____ № _____

_____ берген, берілген күні _____

(құжатты берген органның атауы)

Почталық мекенжайы, телефон, электронды мекенжай (болған кезде)

Кепіл ұстаушының банктік реквизиттері _____

_____ атынан әрекет етеді
(уәкілетті өкілдің деректемелері)

_____ негізінде

(өкілеттігін куәландыратын құжаттың деректемелері)

Кепіл ұстаушы

Жеке тұлғаның Т.А.Ә.А., тұрғылықты жері, туған күні;

заңды тұлғаның орналасқан орны, атауы, тіркеу №: _____

Жеке басын куәландыратын құжат: түрі _____ серия _____ № _____

_____ берген, берілген күні _____

(құжатты берген органның атауы)

Пошталық мекенжайы, телефон, электронды мекенжай (болған кезде)

Кепіл ұстаушының банктік реквизиттері _____

атынан әрекет етеді
(уәкілетті өкілдің деректемелері)

_____ негізінде
(өкілеттігін куәландыратын құжаттың деректемелері)
Жылжымалы мүлік кепіл шартын тіркеуді өтінемін: _____

Шарттың жасалған күні _____

Шарттың жасалған орны _____

Кепіл мәні туралы мәліметтер (жылжымалы мүліктің сипаттамасы) _____

Кепілге салынған мүліктің құны _____

Шарттың қолданылу мерзімі _____

Кепілге салынған мүлік _____

кепіл берушінің _____

кепіл ұстаушының _____

иелігінде және пайдалануында қалады

Пайдалануға болатыны: Иә, Жоқ

Қайталама кепіл туралы мәліметтер: Иә, Жоқ (керек емесін сызып тастау керек)

Өтінішке мыналарды қоса беремін: (құжаттың атауы, серия, нөмір, қашан және кім берген)

1. _____

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік қажет пе:

Иә, Жоқ (керек емесін сызып тастау керек)

Өтініш берілген күн: 20__ жылғы _____

Өтініш қабылданған күн: 20__ жылғы _____

Өтініш берушінің қолы: _____

Уақыт: _____ сағат _____ мин.

Тіркеушінің Т.А.Ә.А. және қолы _____

Ақпараттық жүйедегі заңмен сақталынатын мәліметтерді пайдалануға келісемін

(қолы) Т.А.Ә.А.

20__ жылғы " __ " _____

мемлекеттік " Ж ы л ж ы м а л ы к ұ р а м к е п і л і н
к ө р с е т і л е т і н т і р к е у " м е м л е к е т т і к
с т а н д а р т ы н а 1-1-қ о с ы м ш а қ ы з м е т

Нысан

Ескерту. Стандарт 1-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің - 28.04.2017 № 249 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

тіркеуші органның атауы
Өтініш № _____

Кепіл беруші

Жеке тұлғаның Т.А.Ә.А., тұрғылықты жері, туған күні;

заңды тұлғаның орналасқан орны, атауы, тіркеу №: _____

Жеке басын куәландыратын құжат: түрі _____ серия _____ № _____

_____ берген, берілген күні _____

(құжатты берген органның атауы)

Телефон, электронды поchtаның мекенжайы, (болған кезде)

Кепіл ұстаушының банктік реквизиттері _____

Кепіл ұстаушы

Жеке тұлғаның Т.А.Ә.А., тұрғылықты жері, туған күні;

заңды тұлғаның орналасқан орны, атауы, тіркеу №: _____

Жеке басын куәландыратын құжат: түрі _____ серия _____ № _____

_____ берген, берілген күні _____

(құжатты берген органның атауы)

Пошталық мекенжайы _____

телефон _____

электронды мекенжай (болған кезде) _____

Кепіл ұстаушының банктік реквизиттері _____

Жылжымалы мүлік кепіл шартын тіркеуді өтінемін: _____

Шарттың жасалған күні _____

Шарттың жасалған орны _____

Кепіл мәні туралы мәліметтер (жылжымалы мүліктің сипаттамасы) _____

Кепілге салынған міндеттеменің ақшалай эквиваленті

Шарттың қолданылу мерзімі _____

Кепілге салынған мүлік _____

кепіл берушінің _____

кепіл ұстаушының _____

иелігінде және пайдалануында қалады

Пайдалануға болатыны: Иә, Жоқ

Қайталама кепіл туралы мәліметтер: Иә, Жоқ (керек емесін сызып тастау керек)

Өтініш қабылданған күн: 20__ жылғы _____

Кепіл берушінің қолы: _____

Кепіл ұстаушының қолы: _____

Уақыт: _____ сағат _____ мин.

Тіркеушінің Т.А.Ә.А. және қолы _____

Кепіл болып табылатын жүк және жолаушы жылжымалы құрамның сипаттамасы және тізбесі

P/c №	Санаты	Зауыт нөмірі	Түгендеу нөмірі	Жасалған күн	Жылжымалы құрамдардың тіркеу туралы мәлімет состава		Иелену құқығының түрі
					Куәліктің нөмері	Куәліктің күні	
1	2	3	4	5	6	7	8

Кепіл болып табылатын тартымды-моторвагонды және арнайы жылжымалы құрамның сипаттамасы және тізбесі

P/c №	Санаты	Зауыт нөмірі	Түгендеу нөмірі	Жылжымалы құрамдардың тіркеу туралы мәлімет состава		Иелену құқығының түрі
				Куәліктің нөмері	Куәліктің күні	
1	2	3	4	5	6	7

"Жылжымалы құрам кепілін мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

нысан

(Көрсетілетін қызметті алушының тегі,
аты, болса әкесінің аты не ұйымының атауы)

(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 21.01.2016 № 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы филиалының №__ бөлімшесі (мекенжайын көрсету керек) "Жылжымалы құрам кепілін мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызметті көрсетуге құжаттарды қабылдаудан Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3)

Осы қолхат әрбір тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.

Т.А.Ә.А. (көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) (қолы)

Телефон:

Алдым: Т.А.Ә.А./көрсетілетін қызметті алушының қолы

20__ ж. " __ " _____

"Жылжымалы құрам кепілін
мемлекеттік тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
3-қосымша
Нысан

(тіркеуші органның атауы)

№ _____ Өтініш

Ескерту. Стандарт 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 16.11.2017 № 792 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кепіл беруші _____

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН);

атауы, заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН)

Жеке басын куәландыратын құжат: түрі _____ сериясы _____ № _____

_____ берілді, берілген күні _____

(құжатты берген органның атауы)

Почталық мекенжайы, телефон _____

Кепіл ұстаушының банктік реквизиттері _____

атынан әрекет етеді

(уәкілетті өкілдің деректемелері)

_____ негізінде

(өкілеттігін куәландыратын құжаттың деректемелері)

Кепіл ұстаушы _____

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)

немесе атауы немесе заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН)

Жеке басын куәландыратын құжат: түрі _____ сериясы _____ № _____

_____ берілді, берілген күні _____

(құжатты берген органның атауы)

Пошталық мекенжайы, телефон _____

Кепіл ұстаушының банктік реквизиттері _____

атынан әрекет етеді
(уәкілетті өкілдің деректемелері)

_____ негізінде
(өкілеттігін куәландыратын құжаттың деректемелері) сызып тастау)

Тіркеуші орган берген жылжымалы мүлік кепілінің тіркеу нөмірі (активтер мен

міндеттемелерді бір уақытта беру туралы шарт негізінде өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу жағдайларын қоспағанда) _____

_____ енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың сипаттамасы немесе кепілді тоқтату негізі

Кепіл шартына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілген жағдайда:
Шарттың жасалған күні _____

Кепілдің мәні туралы мәліметтер (жылжымалы мүліктің сипаттамасы)

Кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің ақшалай баламасы _____

Шарттың қолданылу мерзімі _____

Кепілге салынған мүлік _____
кепіл берушінің

кепіл ұстаушының
иелігінде және пайдалануында қалады

Оны пайдалануға болатыны: Иә/Жоқ (керек емесін сызып тастау)

Қайталама кепіл туралы мәліметтер: Иә/Жоқ (керек емесін сызып тастау)

Өтінішке мыналарды қоса беремін: (құжаттың атауы, сериясы, нөмірі, қашан және кім берген)

1. Төлем туралы құжат: түрі _____ № _____
сомасына

2. _____

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік қажет пе:

Иә/Жоқ (керек емесін сызып тастау керек)

Кепіл берушінің немесе оның өкілінің қолы және заңды тұлға үшін мөр (бар болған кезде):

Кепіл ұстаушының (өкілінің) қолы және заңды тұлға үшін мөр (болған жағдайда):

Өтініш берілген күн: 20__ жылғы _____

Өтініш қабылданған күн: 20__ жылғы _____